



№ 51-52(9085),
жұма, 19 желтоқсан
2025 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті отандастар!

Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Бұл мерекенің еліміз үшін мән-маңызы айрықша. Осы күні халқымыз Қазақстанды егемен ел ретінде дамыту жолында ерікті әрі түпкілікті таңдау жасады.

Тәуелсіздік бәрінен қымбат! Біз бабалар рухына тағзым етіп, өскелең ұрпақ алдындағы тарихи жауапкершілікті сезіне отырып, осы ұстанымға адал боламыз.

Азаматтарымыздың ырысты ынтымағының, өзара қолдауының және жасампаз еңбегінің, сондай-ақ қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің арқасында Қазақстан Тәуелсіздікті

нығайту ісінде елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Қазір бүкіл әлем жылдам өзгеріп жатыр. Түрлі сынақтармен қатар, тың мүмкіндіктерге толы жаңа тарихи дәуір басталды.

Мұндай жағдайда біз жас және

озық ойлы ұлт ретінде болашаққа зор үмітпен және нық сеніммен қарап, берекелі бірлігімізді сақтауымыз керек. Еліміздің жаһандық деңгейдегі беделі мен бәсекеге қабілетін арттырып, Қазақстанды көркейген мемлекет ретінде дамыту үшін аянбай еңбек етуіміз қажет.

Қазір жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалардың нәтижесінде зор табысқа жетеміз деп сенемін. Жан-жақты жаңғыруға бағытталған стратегиялық бағдарымыздан ауытқымай, Әділетті, Күшті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құрамыз. Баршаңызға мол бақыт, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

Қастерлі Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ШОБ-ТЫ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: ӘРБІР БЕСІНШІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕС САЛАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Президенттің шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру – Үкіметтің басым бағыттарының бірі. Қабылданған шаралардың арқасында ШОБ субъектілерінің ел экономикасына қосқан үлесі тұрақты түрде артып келеді. Primeminister.kz редакциясы еліміздің 2025 жылғы дамуы туралы жарияланымдар топтамасын жалғастыруда.

Мемлекет басшысы өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында шағын және орта кәсіпкерлікті экономикалық өсудің қозғаушы күші болуы тиіс екенін айқындап берді. Ұлттық статистика бюросының деректері бүгінде әрбір бесінші қазақстандық бизнес саласында жұмыс істейтінін, шағын және орта кәсіпкерліктің экономикадағы жалпы қосылған құнының үлесі қазірдің өзінде 40%-ға (39,8%) жақындағанын растайды.

2025 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша ЖІӨ-дегі орта бизнестің жалпы қосылған құнының үлесі 7,9%-ды құрады, бұл өткен жылғы деңгейден жоғары. Бұл – орта бизнес секторының нығайып, құндылық құруға қосқан үлесін арттыру деген сөз. 2022-2024 жылдар аралығында бойы орта бизнестің ЖІӨ 6,7%–6,9% деңгейінде тұрақты болып қалады, ал кәсіпорындар саны 3 мыңнан астам деңгейде сақталады, бұл орта буынның жетілгендігі мен тұрақтылығын көрсетеді.

Бүгінгі таңда барлық кәсіпкерлік субъектісінің 99,9%-ы – микро және шағын компаниялар. Олар экономиканың «тірі тінін» қалыптастырады және 4,4 млн-нан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді, бұл бір жыл бұрынғы деңгейден 3,9%-ға артық. Яғни, бір жыл ішінде секторда ондаған мың жаңа жұмыс орны пайда болды деген сөз. ШОБ еліміздегі барлық экономикалық белсенді халықтың жартысына жуығын құрайды – 45,5%, бұл саланың азаматтардың әл-ауқатын жақсарту және еңбек нарығының тұрақтылығын сақтаудағы маңыздылығын көрсетеді.

Үкімет Президент тапсырмасына сәйкес, кәсіпкерлікті қолдау шараларын дәйекті түрде кеңейтуде. Кәсіпкерлерге өндірісті дамытуға, технологияларды жетілдіруге, экспортты кеңейтуге және қаржыландыру көздерін тартуға мүмкіндік беретін 117 құралдан тұратын тізімді құрылды. Baqylauda.qoldau.kz қызметі қолдау шараларына қол жеткізудің әмбебап нүктесіне айналды, оны қазірдің өзінде 222 мыңға жуық адам пайдаланған, бұл – аталған құралдардың қажеттілігі мен қолжетімділігінің дәлелі.

Елімізде 2024 жылдан бері бизнес жасауға тең жағдай туғызу, компанияларды ірілендіруге ынталандыру және орта бизнестің рөлін күшейту бағытында кешенді саясат жүзеге асырылуда. Мақсат – кәсіпкерлер үшін болжамды және әділ орта құру.

Бұған қосымша бизнеске қойылатын барлық талаптарды цифрландырып, бір ретке келтірген Міндетті талаптар тізімі пайда болды. Бұл ашықтықты қамтамасыз етіп, кәсіпкерлерге міндетті нормаларды орындауды жеңілдетіп отыр. Нәтижесінде Қазақстанда ШОБ-ты қолдау бизнес-қоғамдастығы үшін жүйелі әрі түсінікті бола түсті.

Соның ішінде:
– біліктілік талаптары қайта қаралуда және рұқсат беру процедуралары оңтайландырылуда, бұл бизнесті бастау мен жүргізуге кедергілерді азайтады;
– ірі кәсіпорындар ШОБ-пен ұзақ мерзімді шарттар жасасуға міндеттелді, бұл шағын және орта биз-

нес үшін кепілді өткізу нарықтарын ашады және өсуге жаңа мүмкіндіктер туғызады;

– жаңа Салық кодексіне арнайы салық режимдерінің саны 7-ден 3-ке дейін қысқарды. Бұл тәсіл ұсақталу схемаларын шектейді және компанияларды дамуға және кең ауқымда қанат жая түсуге ынталандырады.

Орта бизнесті күшейту және ірілендіру мақсатында Ұлттық экономика министрілігі ЕҚДБ-мен бірлесіп кәсіпорындарды дамытудың нақты жоспарын әзірлеуде, ол өндіріс көлемін 2-3 есеге арттыруға бағытталған. Бұл кең ауқымда қанат жаю процесін сапалы жаңа деңгейге көтеруге және экономикадағы жоғары өнім шығаратын компаниялардың үлесін арттыруға батыл қадам жасалып жатқанын білдіреді.

Осылайша, орта бизнес біртіндеп өңірлердің ғана еместүр тастай еліміздің де тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті экономикалық өсімнің негізгі драйверлерінің біріне айналады.

Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде Үкімет ЕҚДБ-мен бірлесіп компаниялардың терең диагностикасын жүргізуде, олардың инвестициялық әлеуетін бағалай отырып, жеке-жеке есу жоспарларын әзірлеуде. Қазірдің өзінде 20 кәсіпорынмен жұмыс басталды, ал 2030 жылға дейін бағдарламаға қатысушылардың саны кемінде 70-ке жетпек, бұл – өсуге дайын компаниялардың мықты тобын қалыптастырмақ.

Елде бизнесті реттеу қайта іске қосылуда. «Таза парақтан» реттеу қағидаты бойынша талаптар қайта қаралады, ескірген нормалар алынып тасталады және мемлекеттік бақылау жүйесі жаңартылады. Нәтижесінде Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін жағдайлар айтарлықтай жеңілдетілді.

Осы жылы «Өрлеу» жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды. 482 млрд теңге сомасына 1 700-ден астам жоба қаржыландырылды, бұл осы құралдың жоғары сұранысы мен тиімділігін көрсетеді. «Даму» Қорының базасында кәсіпкерлердің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтетін екі кепілдік қоры құрылды:

– Кепілдік қоры — 1 кепілдіктерді портфельдік әдіспен береді, несиелеу қаржыландыру сомасы 7 млрд теңгеге дейінгі жобалар бойынша екінші деңгейлі банкетер арқылы жүргізіледі. Қазіргі уақытта Қор 417,7 млрд теңгеге 2 384 жобаны қолдап, 229,9 млрд теңгеге кепілдік береді;

– Кепілдік қоры — 2 ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларға бағытталған. ҚҚ-2 бойынша құны 7,1 млрд теңге болатын алғашқы ірі жобаны жүзеге асырып, 2,8 млрд теңгеге кепілдік берді. Тағы бір жоба қол қою кезеңінде дайын тұр. Болашақта салалық және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, неғұрлым атаулы және нақты бағытты қолдауға көшу жоспарлануда, бұл бизнестің әртүрлі сегменттерінің әлеуетін тиімді ашуға мүмкіндік береді.

Осылайша, кәсіпкерлікті қолдау үздіксіз дамып және идеяның пайда болуынан кеңейтуге дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. «Өрлеу» бағдарламасы және басқа да шаралар өндіріс көлемінің өсуі үшін берік негіз қалыптастырады. Өз кезегінде бизнестің белсенділігі Қазақстанның кәсіпкерлік ортасы анағұрлым жетілген, тұрақты және серпінді болып келе жатқанын көрсетеді.

Primeminister.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

Ақордада өткен салтанатты жиында Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетіліп жатқанын атап өтіп, энергетика саласы мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтады.

Энергетика саласы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар сала. Ұрақты қуат көзі болмаса, қуатты мемлекет құру мүмкін емес. Энергетика саласында қызмет ету – еліміздің дамуына үлес қосу деген сөз. Себебі сіздер атқарып жатқан жұмыстың игілігін еліміздегі әр отбасы, әр адам көреді. Әрбір үйге жарық пен жылу беру – жауапкершілігі зор жұмыс. Қажырлы еңбектеріңіз үшін баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына назар аударды.

Біз экономиканы және инфрақұрылымды дамытуға баса мән беріп отырмыз. Заманауи өндіріс орындарын ашып жатырмыз. Еліміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Қазақстан болашақта толыққанды цифрлық ел болуға тиіс. Осы мақсатқа жету үшін ауқымды жұмыс қолға алынды. Астанада Халықаралық жасаңды интеллект орталығы құрылды. Жақында белгілі америкалық компанияның технологиясы бойынша жасалған суперкомпьютер іске қосылды. Жаһандық үрдістерге сай жаңа «дата-орталықтар» салынады, «бұлтты» инфрақұрылым қалыптасады. Әрине, мұның барлығы энергетика саласы үшін үлкен сынақ болмақ. Сондықтан осындай маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін энергетика саласын түбегейлі жаңғыртуымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір осы бағытта атқарылып жатқан нақты жұмыстарға тоқталды.

Соңғы алты жылда электр энергиясын өндіру 16 миллиард киловатт-сағатқа артты. Бұл Қарағанды облысы сияқты өндірісі өркендеген аймақтың бір жылдағы қуат тұтыну көлемімен бірдей. Қазіргі кезде Қазақстанның электр энергетикасы жүйесіне жалпы қуаты 25 гигаваттан асатын 237 электр станциясы кіреді. Ал іс жүзінде қолданыстағы жалпы қуат көлемі – 21 гигаватт. Мемлекет жүргізіп отырған жүйелі шаралардың арқасында энергия нысандары мен инженерлік-коммуналдық желілердің орнықтылығы айтарлықтай күшейді.

Өткен жылғы жылыту маусымында технологиялық ақаулар 27 пайызға қысқарды. Тоғыз жылу электр орталығы тәуекелдің «қызыл» аймағынан шықты, ал үш станция «жасыл» аймаққа өтті, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымды қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы іске қосылғанын еске салды.

Соның нәтижесінде үш жыл ішінде тек кәсіпорындардың күрделі жөндеу жұмыстарына 900 миллиард теңгеден



көшуіміз керек. Сол арқылы көмір станцияларының тиімділігін арттыра түсеміз. Бұдан бөлек, Курчатов қаласында жылу электр станциясын, Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында жылу электр орталықтарын салу қажет.

Осы нысандардың барлығына «таза көмір» технологиясын енгізу керек. Шындығын айтсақ, бұл жобалардың жүзеге асуы әбден созылып кетті. Енді ары қарай күтуге болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет жаңартылатын энергия көздерін дамытуға да тиісті

көңіл бөлініп жатқанын жеткізді.

Еліміздегі көмір қоры – шамамен 33 миллиард тонна. Соған қарамастан, біз жаңартылатын қуат көздерін дамытуға баса назар аударып отырмыз. Соңғы 5 жылда осы салаға 2,5 миллиард долларға жуық инвестиция салынды. Соның нәтижесінде энергетика секторындағы жаңартылатын қуат көздерінің үлесі 7 пайыздан асты. Экологиялық тұрғыдан таза энергия өндірісін одан әрі дамыту үшін өлемдік ең үздік компаниялармен әріптестік орнаттық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір бүкіл әлем түбегейлі бетбұрыс кезеңін бастап өткіріп жатқанын алға тартып, атом станциясының құрылысын бастау туралы стратегиялық шешімнің маңызына назар аударды. Президенттің пайымдауынша, бұл болашақта еліміздің энергетикалық келбетін түбегейлі өзгертіп, экономикамызды қайта құруға ықпал етеді.

Балқаш атом электр станциясының құрылысы, одан кейінгі салынатын екінші АЭС Қазақстанның энергетикалық әлеуетін арттыратыны сөзсіз. Сондай-ақ ядролық энергетика сияқты маңызды салада жаңа бағыттардың дамуына септігін тигізетін болады. Қазақстанның энергетикалық картасында атом станциясының пайда болуы ел экономикасының жаңа әрі сапалы деңгейге көшкенін білдіреді. Жалпы, дүние жүзінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің энергетика саласына ықпал ететіні сөзсіз. Өлемде қуат көздеріне қызу тартыс жүріп жатыр десек, артық болмайды. Бұған сақадай сай дайын болғанымыз жөн. Мемлекет энергетика мамандарының жаңа буынын даярлап, осы саланың әлеуетін арттыра береді. Бірақ азаматтарымыз да бұл мәселеге жауапкершілікпен қарауы керек. Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Соның бәрін үнемдеп, ақылмен пайдаланған абзал. Жалпы, бұл – тұтас экономикаға ортақ талап. Ысырапшылыққа жол беруге болмайды. Халқымыз «Үнемшілдік – ырыстың кілті» деп бекер айтпаған. Біз осы қасиетті ұлттық дағдымыз етіп, қоғамда мүлдем жаңа мәдениет қалыптастыруымыз керек. Сіздердің қажырлы қызметтеріңіз – еліміздің энергетикалық дербестігінің мызғымас кепілі. Әділетті, Таза, Қуатты Қазақстанда өздеріңіз сияқты еңбек адамдары ең жоғары сый-құрметке лайық, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетика саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады.

akorda.kz

Танкенов Дархан Асқарұлы,
Орман күтушісі.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ – ТАЗА АУДАН, ЖАРЫҚ БОЛАШАҚ МЕКЕНІ



Қазақстанның сайын даласы, кең өлкесі – табиғаттың ғажайып сыйы. Ұлы Даланы мекен-деген халықтың өмірі де осы табиғатпен біте қайнасып, оның әрбір тынысымен астасып жатыр. Сол кең мекеннің ерекше бір көркем бөлігі – Жетісу өңіріндегі Ескелді ауданы. Бұл аудан – табиғаты тамаша, ауасы таза, жері құнарлы, халқы еңбекқор аймақ. Ескелді – адам жанын тыныштандыратын кеңістік, рухани күш-қуат беретін мекен.

Ескелді ауданының құндылығы тек табиғатымен ғана өлшенбейді. Мұнда тарих, мәдениет, салт-дәстүр, рухани сабақтастық ерекше үйлесім табады. Адамдар табиғатты аялау арқылы өзінің болашағын, елінің келешегін қорғап отырғанын жақсы түсінеді. Сондықтан бұл өңірді зерттеп, танып-білу – әрбір жас үшін маңызды.

Ескелді ауданы – тарихы терең, шежіресі бай мекен. Аудан атауы қазақтың көрнекті биі Ескелді Жылкелдіұлының құрметіне қойылған. Жоңғар шапқыншылығы мен ел ішіндегі қиын-қыстау кезеңдерде әділдігімен, шешендігімен, батылдығымен көзге түскен бұл тұлға халықтың бірлігін, жерінің тұтастығын сақтауға зор үлес қосқан. Халық тарапынан “Ескелді би” атануы оның ел есінде мәңгілікке сақталғанын көрсетеді.

Бұл өңірдің тарихы Ескелді бидің есімімен ғана емес, жалпы Жетісу өлкесіне тән көне мәдениетпен де байланысты. Осы жерде ата-бабаларымыз мал өсіріп, жер өңдеп, шағын қоныстар құрып, өздерінің төл мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Аудан аумағында ежелгі қоныстар, тарихи орындар, көне қорымдар бар. Олардың әрқайсысы – бабалардың өткен өмірінен сыр шертетін қазына.

Ескелді ауданындағы ауылдардың атаулары да көп нәрседен хабар береді. Әрбір ауылдың тарихы – үлкен шежіренің бір тарауы. Бұл жерлерде ғасырлар бойы елін сүйген, жерін қорғаған адамдар өмір сүрген. Олардың жүріп өткен жолдары бүгінгі ұрпақ үшін үлгі, ал туған жердің тарихы – рухани тірек.

Тарихты білмей, туған жерді сүйіп, оны қорғау мүмкін емес. Сондықтан Ескелді жастары үшін өз өлкесінің өткенін танып-білу – маңызды міндет.

Ескелді ауданы өзінің табиғи көрінісімен ерекше бейнеленеді. Мұнда төрт мезгілдің әрқайсысы түрлі түске еніп, адамға бөлек әсер сыйлайды.

Көктем – ояну кезеңі
Көктем келгенде Ескелдінің даласы ерекше құлпырып, жасыл түске боялады. Өзендердің жағасына алғашқы бәйшешектер шығып, құстардың үні жаңғырыға бастайды. Ауыл маңындағы тау бөктерлері дала гүлдерімен көмкеріліп, табиғат оянып, адамға ерекше күш-қуат береді.

Жаз – табиғаттың сұлулығының шегі
Жаз мезгілінде аудан ауа райы жұмсақ, аса ысымайды. Жазық даланы жоңышқа, беде, жусан иісі кернейді. Мөлдір бұлақтар мен шағын өзендер ауыл өміріне ерекше сән береді. Далаға таралатын самал желдің өзі жанға жайлы.

Күз – тоқшылық пен еңбек кезеңі
Күзде Ескелді жері алтын түске енеді. Егін алқаптары пісіп-жетісіп, халық мол өнім жинауға кіріседі. Табиғаттың байлығы еңбек пен маңдай тердің арқасында игілікке айналады.

Қыс – тыныштық пен мөлдірлік мезгілі
Қыста жер алпақ мамыққа оранып, дала кезеңі тыныштыққа шомады. Ауасы ерекше тазарғандай болады. Дәл осы кез – ауданның “таза ауа” түсінігін нақты сезінуге болатын шақ.

Ескелдінің табиғатында кеңдік те, тыныштық та, әсемдік те бар. Мұнда ірі зауыттар жоқ, экологияны ластайтын өндіріс орындары аз, сондықтан табиғат өзінің бастапқы қалпын сақтап қалған.

Экологиялық мәдениет – аудан халқының басты құндылығы
Ескелді ауданын “таза аудан” деп атау бекер емес. Бұл – тек табиғат берген сый емес, халықтың өз еңбегімен, жауапкершілігімен қалыптасқан жағдай.

Аудан тұрғындарының экологиялық мәдениеті жоғары. Олар табиғатты аялауды, қоршаған ортаны таза ұстауды өздерінің өмірлік қағидасы ретінде көреді. Бұл мәдениеттің негізгі көріністері:

- Көшелер мен ауылдарды таза ұстау
Аудан орталығында да, ауылдарында да тазалыққа ерекше мән беріледі. Көшелерде қоқыс тастауға тыйым салынған, адамдар мұны толық түсінеді. Тазалық – мәдениеттің белгісі екенін жақсы біледі.

- Сенбіліктер мен ағаш отырғызу дәстүрі
Көктемде және күзде халық толықтай сенбілікке шығып, өзен жағаларын, саябақтарды, көшелерді тазалайды. Әсіресе жасыл желек отырғызу – аудан үшін ерекше маңызды. Әр ауылда мыңдаған ағаштар отырғызылып, олар тұрақты күтімге алынады.

- Жастардың белсенділігі
Ескелді ауданында жастар табиғатты қорғау ісіне белсенді қатысады. Мектептерде экологияға арналған жобалар, ғылыми зерттеулер, табиғатты қорғау акциялары жиі өткізіледі. Жастар “Жасыл ел”, “ЭкоПатруль” сияқты ұйымдарға қатысып, өзінің туған жерін сақтауға үлес қосады.

- Мал шаруашылығы мен егіншіліктегі тазалық сақталуы
Бұл өңірдің негізгі кәсібі — мал шаруашылығы мен егіншілік. Алайда шаруашылық барысында экологиялық нормаларды сақтау – негізгі талап. Суларды ластамау, жайылымдарды дұрыс пайдалану, жер ресурстарын қорғау сынды мәселелер қатаң қадағаланады.

Экологиялық мәдениет – бұл жай ғана ереже емес, бұл халықтың дүниетанымы. Сол себепті Ескелді ауданын “Жетісудың ең таза аудандарының бірі” деп бекер айтапайды.

Адам үшін ауа – тіршіліктің негізі. Егер ауа таза болса, адамның денсаулығы да жақсы болады. Ескелді ауданында ауа сапасының жоғары болуы бұл өңірдің басты артықшылығы.

Таза ауа:
-өкпе ауруларының алдын алады;
-адамның иммунитетін нығайтады;
-денсаулықты жақсартыды;
-көңіл-күй мен өмір сапасын көтереді.

Қала өміріне үйренген адам Ескелдіге келгенде бірден таза ауаны сезеді. Мұндағы самал желдің өзі ерекше бір жұмсақтық сыйлайды. Бұл – табиғаттың беріп отырған таза сыйы.

Ескелді халқы табиғи ортаның қадірін жақсы түсінеді. Көптеген отбасылар жазда балаларын таза ауаға шығарып, табиғат аясында демалтады. Бұл да – денсаулыққа өте пайдалы әдет.

Болашақ – біздің қолымызда
Ескелді ауданы – табиғаты сақталған, адам еңбегі мен жауапкершілігі үйлескен өңір. Бірақ табиғатты қорғау жұмысы тоқтап қалмайды, ол – үздіксіз жүретін процесс.

Болашақ ұрпақ үшін ауданның осы табиғи қалпын сақтап қалу — бүгінгі күннің маңызды міндеті.

Болашаққа бағытталған шаралар:
-табиғатты бүлдірмеу;
-қоқысты азайту және қайта өңдеу мәдениетін дамыту;
-жасыл аймақтарды көбейту;
-жастарға экологиялық білім беру;
-ауылшаруашылық жерлерін дұрыс пайдалану;
-өзен-көлдерді қорғау.

Егер осы шараларды әр адам жүрегіне түйіп, орындап жүрсе, Ескелдінің болашағы жарқын болатыны сөзсіз.

Ескелді ауданы — тек географиялық аймақ емес, ол — табиғи тазалықтың, тарихи тағылымның, адам мен табиғат үйлесімінің символы. Бұл ауданның ауасы таза, табиғаты әсем, халқы еңбекқор әрі мәдениетті.

“Таза аудан – таза ауа” қағидасы Ескелді жерінде өмір салтына айналған. Туған жерді қорғау – бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын аманат.

Ескелдінің бүгінгі келбеті – осы аманатқа адалдығының айғағы.

Ал болашақтың қандай болатыны – дәл бүгінгі біздің іс-әрекетімізге байланысты.

Алихан Сапар ,
10-сынып оқушысы

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ



Гендерлік теңдік әділетті қоғам құру жолындағы ажырамас қағида. Құқық үстемдігі орныққан мемлекет үшін әр азаматтың жынысына қарамастан тең құқыққа ие болуы демократиялық даму мен қоғамдық тұрақтылықтың негізі.

Теңдік сақталмаған жерде әділдік салтанат құрмайды, ал әділдік жоқ жерде азаматтардың сотқа деген сенімі төмендейді.

Гендерлік теңдіктің мәні әйел мен ердің табиғи айырмашылықтарын жою емес, олардың қоғамдағы мүмкіндіктерін бірдей деңгейде қамтамасыз ету. Тұрмыстық қатынастарда, еңбек нарығында, саясатта немесе отбасылық дауларда жынысқа қатысты стереотиптер жиі кездеседі. Осындай көзқарастар азаматтардың құқығын толық пайдалануға кедергі келтіріп, кей жағдайларда кемсітушілікке әкеледі. Сот төрелігі дәл осындай орынсыз көзқарастарды жеңіп, заң алдындағы теңдікті нақты іспен көрсетуі тиіс.

Гендерлік теңдік экономикалық және әлеуметтік прогрестің маңызды алғышарты. Әйелдер мен ерлердің мүмкіндігі тең болған қоғамда еңбек өнімділігі артады, қоғамдық шешімдер жан-жақты қабылданады, отбасы ішіндегі сыйластық пен серіктестік нығаяды. Бұл тек жеке адамдардың құқықтарын қорғау емес, елдің келешегіне бағытталған стратегиялық қадам. Мемлекеттің тұрақты дамуы үшін әрбір азаматтың әлеуетін толық іске асыруына жағдай жасауы тиіс.

Қорытындылай айтқанда, гендерлік теңдік сырттан таңылған ұғым емес, әділ, тұрақты және өркениетті қоғамның табиғи талабы. Заң алдында бәрі тең болғанда ғана мемлекет дамиды, ал сот төрелігі осы теңдіктің өмірде жүзеге асырылуына дәнекер болуға тиіс. Теңдікке құрылған қоғам болашақ ұрпаққа қалдыра алатын ең құнды мұрамыз.

Индира ИДРИСОВА
Ескелді аудандық сот әкімшісінің басшысы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық қоғамның дамуын тежейтін ең қауіпті құбылыстардың бірі. Ол мемлекеттің беделін әлсіретіп қана қоймай, азаматтардың әділетке деген сенімін жоғалтады. Сот жүйесінде қызмет атқаратын тұлға ретінде мен бұл дерттің салдарын күнделікті жұмыс барысында айқын көремін. Жемқорлықтың ең үлкен зияны оның құқықтық нормалардың мәнін жойып, адал еңбек пен әділ шешімге деген сенімді бұзуы. Қандай да бір заң қаншалықты мінсіз жазылса да, оны қолданатын адамның ниеті бұзылған жерде әділдік жүзеге аспайды.



Сыбайлас жемқорлық көбіне көзге көрінбейтін, біртіндеп тамырлайтын құбылыс. Ол жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғамға қауіп төндіреді. Әрбір пара беру немесе пара алу әрекеті азаматтардың құқыққа тең қол жеткізу мүмкіндігін шектейді, әділетті шешімнің жолын кеседі. Мұндай олқылықтар мемлекеттік қызметтің беделін түсіріп, халық пен билік арасындағы сенімді әлсіретеді. Сондықтан жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, ол бүкіл қоғамның ортақ борышы.

Сот саласы мемлекеттің ең жауапты тармағы. Мұнда қабылданған әрбір шешім адам тағдырына тікелей әсер етеді. Сондықтан сот қызметкері үшін ең жоғары талап адалдық, бейтараптық және заңға мүлтіксіз бағыну. Сот жүйесінің тазалығы қоғамдағы құқықтық тәртіптің кепілі. Егер сот қызметкері өз ісінде әділ болса, ешбір қысымға, ешбір әдетке немесе пайдаға жығылмаса, онда азаматтар заңның шынайы үстемдігіне сенеді. Ал сенім бар жерде мемлекет те қоғам да дамиды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалау арқылы емес, оның алдын алу арқылы да жүзеге асады. Қоғамның құқықтық мәдениетін көтеру, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби әдеп нормаларын күшейту, ашықтықты қамтамасыз ету осы дертті азайтудың маңызды жолдары. Ең бастысы, әр азамат заңды сыйлап, әділетті қоғамның қалыптасуына өз үлесін қосуы қажет.

Қорытындылай айтқанда, сыбайлас жемқорлық қоғамның тынысын тарылтатын ауыр кесел. Онымен күрес үздіксіз әрі жүйелі процесс. Әрбір мемлекеттік қызметкер, әсіресе сот саласында еңбек ететіндер, өз ісімен адалдықтың үлгісі болуға тиіс. Әділдікті құрметтеп, парасатты шешім қабылдай білген қоғам ғана ертеңіне сенімді қадам басады.

Индира ИДРИСОВА
Ескелді аудандық сот әкімшісінің басшысы

Корь - вирусная инфекция, для которой характерна очень высокая восприимчивость. Если человек не болел корью или не был привит от этой инфекции, то после контакта с больным заражение происходит практически в 100% случаев.

Вирус кори отличается очень высокой летучестью. Вирус может распространяться по вентиляционным трубам и шахтам лифтов - одновременно заболевают дети, проживающие на разных этажах дома. Период от контакта с больным корью и до появления первых признаков болезни длится от 7 до 14 дней.

Заболевание начинается с выраженной головной боли, слабости, повышения температуры до 40 градусов С. Чуть позднее к этим

ПАМЯТКА ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ «ПРОФИЛАКТИКА КОРИ»



симптомам присоединяются насморк, кашель и практически полное отсутствие аппетита.

Очень характерно для кори появление конъюнктивита - воспаления слизистой оболочки глаз, которое проявляется светобоязнью, слезотечением, резким покраснением глаз, а в последующем - появлением гнойного отделяемого. Эти симптомы продолжаются от 2 до 4 дней.

На 4 день заболевания появляется сыпь, которая выглядит, как мелкие красные пятнышки различных размеров (от 1 до 3 мм в диаметре), со склонностью к слиянию. Сыпь возникает на лице и голове (особенно характерно появление ее за ушами) и распространяется по всему телу на протяжении 3-4

дней. Для кори очень характерно то, что сыпь оставляет после себя пигментацию (темные пятнышки, сохраняющиеся несколько дней), которая исчезает в той же последовательности, как появляется сыпь.

При заболевании корью могут возникнуть довольно серьезные осложнения. 6 их число входят воспаление легких (пневмония), воспаление среднего уха (отит), а иногда и такое грозное осложнение как энцефалит (воспаление мозга).

Необходимо помнить о том, что после перенесенной кори на протяжении достаточно продолжительного периода времени (до 2-х

месяцев) отмечается угнетение иммунитета, поэтому ребенок может заболеть каким-либо простудным или вирусным заболеванием, поэтому нужно оберегать его от чрезмерных нагрузок, по возможности - от контакта с больными детьми.

После кори развивается стойкий пожизненный иммунитет. Все переболевшие корью становятся невосприимчивы к этой инфекции. Единственной надежной защитой от заболевания являются вакцинация против кори, которая включена в Национальный календарь прививок

Калиякберова Гульмира Серикбаевна
ГКП на ПХВ Ескейдинская ЦРБ
специалист кабинета ЗОЖ

ЖАСТАР АУЫЛЫНДА ЖАҢА ФЕЛЬДШЕРЛІК-АКУШЕРЛІК ПУНКТ АШЫЛДЫ: АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК АРТТЫ



Халықты сапалы әрі қолжетімді медициналық қызметтермен қамтамасыз ету – мемлекет саясатының басты бағыттарының бірі. Әсіресе ауылдық жерлерде денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру – әлеуметтік маңызы зор міндет.

Осы орайда Мемлекет басшысының әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Жетісу облысы Ескелді ауданына қарасты Жастар ауылында маңызды нысан пайдалануға берілді.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Жастар ауылында жаңа модульді фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) салтанатты түрде ашылды. Бұл – ауыл тұрғындарының көптен күткен қуанышы әрі өңірдің денсаулық сақтау саласындағы елеулі жетістігі.

Ұлттық жоба аясындағы маңызды қадам Аталған нысан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде бой көтерді. Жобаның негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарын сапалы

алғашқы медициналық-санитарлық көмекпен толық қамту, медициналық қызметтердің қала мен ауыл арасындағы алшақтығын азайту.

Жобаның тапсырыс берушісі – «Жетісу облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі, ал құрылыс жұмыстарын «Жаркент алғыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырды. Нысанның жалпы құны 190 189 000 теңгені құрайды.

Заманауи талаптарға сай медициналық нысан Жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт барлық санитарлық және медициналық талаптарға сай салынған. Ғимарат заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуге толық мүмкіндік береді.

ФАП-та ауыл халқы үшін келесі медициналық қызмет түрлері көрсетіледі: -амбулаториялық-емханалық көмек; -бастапқы медициналық-санитарлық қызмет; -жедел және шұғыл медициналық көмек; -аурулардың алдын алу шаралары; -профилактикалық медициналық тексерулер; -жоспарлы және маусымдық екпелер жүргізу; -салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған кеңестер.

Бұл қызметтердің барлығы ауыл тұрғындарының денсаулығын сақтауға, аурудың алдын алуға және уақытылы медициналық көмек алуға бағытталған.

Ауыл халқы үшін қолжетімді медициналық көмек Жастар ауылының жалпы халқы 738 адамды құрайды. Оның ішінде:

-197 бала, -39 жасөспірім, -502 ересек тұрғын бар.

Бұрын ауыл тұрғындары медициналық көмек алу үшін аудан орталығына немесе көрші елді мекендерге баруға мәжбүр болатын. Ал жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттің ашылуы бұл мәселені түбегейлі шешіп отыр. Енді тұрғындар алғашқы медициналық көмекті өз ауылынан-ақ ала алады.

Әлеуметтік маңызы жоғары жоба Жобаның басты мақсаты – ауыл тұрғындары үшін жайлы жағдай жасау және негізгі медициналық қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Бұл нысанның іске қосылуы ауыл халқын 100 пайыз сапалы алғашқы медициналық көмекпен қамтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жаңа ФАП медицина қызметкерлері үшін де қолайлы еңбек жағдайын қамтамасыз етеді. Жаңа ғимарат, заманауи жабдықтар мен қажетті инфрақұрылым медициналық мамандардың кәсіби қызметін тиімді атқаруына жағдай жасайды.

Болашаққа бағытталған игі бастама Жастар ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункттің ашылуы – ауылдық денсаулық сақтау саласын дамыту жолындағы нақты әрі нәтижелі қадам. Мұндай жобалар халықтың өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына да серпін береді.Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан бұл қамқорлық ауыл тұрғындарының болашаққа деген сенімін нығайтып, енді сау ұлт қалыптастыру жолындағы маңызды бастамалардың бірі болып қала бермек.



ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН АҚЫН



Қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейткен, ұлттық рухты терең толғаныспен жырлаған көрнекті сөз зергерлерінің бірі – Жүмекен Сабырұлы Нәжімеденов. Оның есімі қазақ әдебиетінде ойлы поэзиямен, терең философиялық пайыммен бірге аталады. Ақынның шығармалары адам мен қоғам, ұлттық болмыс, рухани ізденіс, ар-ождан тақырыптарын кеңінен қамтиды. Сондай-ақ ол – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнінің негізіне айналған өлең мәтінінің авторларының бірі.

2025 жылы республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында көрнекті қаламгер Тәкен Әлімқұловпен қатар Жүмекен Нәжімеденовтың да шығармалары оқуға таңдап алынған болатын. Осы орайда

аудандық кітапхананың балалар бөлімінде Жүмекен шығармашылығын насихаттауға арналған «Жыр сұңқары – Жүмекен» атты поэзия сағаты ұйымдастырылды. Поэзия сағатына кітапхананың тұрақты оқырмандары, Титов атындағы орта мектептің оқушылары қатысты. Іс-шараға қатысушыларға Жүмекеннің поэзиясы күрделі ой мен мінезге толы екендігі, ол сыртқы әсемдікке емес, ішкі мазмұнға, философиялық тереңдікке мән бергені аталып өтіліп, ақын өлеңдерінен ой тереңдігі, музыкалық ырғақ, азаматтық үн аңғарылатынына баса назар аударылды. Себебі, іс-шараның мақсаты ақын поэзиясын таныту ғана емес, сол оқыған туындылардан ой түйге үйрету болып табылады. Поэзия сағатына оқырмандар белсене қатысып, ақын шығармашылығына деген қызығушылықтарын көрсетті.

Жүмекен Нәжімеденов – қазақ әдебиетінің алтын қорына енген көрнекті тұлға. Оның поэзиясы - биік рухтың, парасат пен азаматтықтың айнасы. Ақынның шығармалары бүгін де мәнін жоймай, жаңа ұрпақты рухани биік азаматтарға жетелейді. Еліне деген махаббатын, еркіндікке деген ұмтылысын танытқан, ұлттық рухты ұлықтаған жырлары – қазақ мәдениетінің мәңгілік қазынасы. Оның жырларын оқу арқылы тарихымызды танып, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін боламыз.

Айжан Байсакова
аудандық кітапхананың
балалар бөлімінің кітапханашысы

ДОСТЫҚ – СҮЙІНБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ

Кітап – мәдениет пен білімнің қайнар көзі. Онда адамзат тіршілігінің сырлары сақталған. Сол арқылы ақиқат пен жалғанның ара жігін ажыратып, адамгершілік пен қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді бойға сіңіреміз. Қазақ руханиятына келер болсақ, әрине, суырып салма айтыс өнерінің қайнар бұлағы Сүйінбай бабамыздан аттап өте алмаймыз. Быыл әйгілі ақын, айтыс өнерінің майталманы Сүйінбай Аронұлының туғанына 210 жыл толды. Жастайынан халық ауыз әдебиетінен сусындап, кейіннен жыраулар поэзиясына ден қойған Сүйінбай ақындық өнерге ерте бойлаған. Ол қарапайым еңбекші халық арасынан шықты, бар ғұмырын соларға арнады, солардың жоғын жоқтады. Сүйінбай Аронұлы – ел бірлігі мен татулығын, адамгершілік пен бауырмалдықты өз толғауларының өзегіне айналдырған ұлы ақын. Ол халықтың рухани тұтастығын поэзия құдіретімен ұлықтап, ел ішіндегі татулықты ең жоғары құндылық ретінде дәріптеді. Ақын жырларындағы достық тақырыбы - жалпы қоғамдық келісім мен адамдық қасиеттерді паш ететін терең философиялық идеялар жиынтығы.

Сүйінбай шығармашылығында достық тек жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас қана емес, бүкіл елдің береке-бірлігінің негізгі ретінде көрінеді. Ақын халықты ынтымаққа, тату тірлікке шақырып, руаралық алауыздықтың зиянын өткір сынға алған. Оның «Бірлік болса – тірлік бар», «Ынтымақты елді жау алмас» деген идеялары жырларындағы басты бағдар болып табылады.

Сүйінбай достықты әділеттілікпен, адалдықпен, өзара құрметпен ұштастыра жырлайды. Нағыз дос - қиындықта қолдау көрсететін, шынайы жанашыр тұлға. Ақын достықты сынау арқылы адам болмысының шынайы келбетін ашып көрсетеді.

Сүйінбайдың Қатағанмен, Тезек төремен және басқа қарсыластарымен айтыстарында да достық пен ел татулығына қатысты ойлар терең көрініс табады. Қатағанға айтқан сөздерінде ол ру намысынан жоғары тұратын халықтық бірлікті алға тартады. Сүйінбай үшін айтыс – тек сөз сайысы емес, елге ақыл айту, татулыққа үндеу алаңы.

Сүйінбай жырларында халыққа деген ыстық ықылас, туған елге деген адалдық – ең жоғары достықтың көрінісі. Ол ел басына күн туған шақта ортақ мүддені қорғай білуге, бір-біріне сүйеу болуға шақырады. Ақынның көптеген толғауларында достықтың басты шарттары ретінде елге адал қызмет ету, көпті ұйыстыра білу, әділ билік пен тату өмір сүру көрсетіледі.

Сүйінбай Аронұлының достық тақырыбындағы шығармашылығы – қазақ поэзиясының гуманистік мұраттарын айқын көрсететін құнды қазына. Оның жырлары халықты бірлікке, татулыққа, өзара сыйластыққа шақырып, бүгінгі қоғам үшін де өз маңызын жойған жоқ. Ақын ұлықтаған достық ұғымы – адамгершіліктің биік өлшемі, ұлттық руханияттың мәңгілік бағдаршамы.

Жазира Рахымқызы
аудандық кітапхананың
балалар бөлімінің кітапханашысы

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТАҒДЫРЫНЫҢ АЛТЫН ДІНГЕГІ

1991 жылғы 16 желтоқсан – Қазақстан халқының санасында мәңгі сақталатын, ел тарихындағы ең қасиетті әрі тағдырлы күндердің бірі. Дәл осы күні ғасырлар бойы еркіндік пен азаттықты аңсаған халқымыз өз Тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде жаңа даму жолына қадам басты. Бұл күн – ұлттық рухты асқақтатып, мемлекеттілігімізді қайта жаңғыртқан ұлы белес. Азаттыққа апарап жол Қазақ халқы тәуелсіздікке бір күнде жеткен жоқ. Бұл – ата-бабаларымыздың ерлігі мен қайсарлығының, ел үшін төгілген қасіретті тер мен қанның жемісі. «Ақтабан шұбырынды» жылдар, бодандық кезең, зобалаң жылдар, ашаршылық пен қуғын-сүргін – барлығы да халықтың жадында сақталған ауыр тарих. Соған қарамастан, ел рухы ешқашан жойылмады. Еркіндікке деген ұмтылыс ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, 1991 жылы өзінің заңды нәтижесіне жетті. Мемлекеттік рәміздер – елдіктің айғағы Егемендік алған сәттен бастап Қазақстан өз мемлекеттік рәміздерін бекітіп, әлемге дербес ел ретінде танылды.

Көк Ту – ашық аспан мен бейбіт өмірдің, еркіндіктің нышанына айналды. Елтаңба – бірлік пен тұтастықтың, ал Өнұран – халықтың рухын көтеретін, елдік сезімді оятатын басты құндылықтардың бірі болды. Сонымен қатар, қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ұлттық салт-дәстүрлер, мәдениет пен рухани құндылықтар жаңаша серпінмен дамыды. Ұлттық сана жаңғырып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу ісі басты орынға шықты. Даму мен тұрақтылық жолындағы Қазақста Бүгінде Қазақстан – бейбітшілік пен тұрақтылықты басты құндылық еткен, көпұлтты халықты бір шаңырақ астында ұйыстыра білген мемлекет. Егемендік жылдары ел экономикасы нығайып, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, білім беру мен денсаулық сақтау салаларында маңызды реформалар жүзеге асырылды. Әлеуметтік салада халықтың әлауқатын арттыруға бағытталған көптеген бағдарламалар іске асуда. Ел бірлігі мен қоғамдық келісім – Қазақстан дамуының берік тірегі. Өртүрлі ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, ортақ мақсат жолында еңбек етуде.

Бұл – мемлекет жүргізіп отырған сындарлы саясаттың, халықтың өзара түсіністігі мен ынтымағының айқын көрінісі. Халықаралық аренадағы орны Тәуелсіздік жылдары Қазақстан халықаралық деңгейде мойындалып, әлемдік қауымдастықтың сенімді серіктесіне айналды. Еліміз жаһандық қауіпсіздік, ядролық қарусыздану, бейбітшілік пен тұрақтылық мәселелерінде белсенді ұстаным танытып келеді.

Қазақстанның сыртқы саясаты теңгерімді әрі ашық болып, әлемнің көптеген елдерімен достық қарым-қатынас орнатылған. Тәуелсіздік – ортақ жауапкершілік Тәуелсіздік – бұл тек өткеннің жемісі ғана емес, бүгінгі күннің үлкен жауапкершілігі және болашаққа деген сенім. Азат елдің азаматы болу – ел тағдырына бейжай қарамау, мемлекет дамуына өз үлесіңді қосу деген сөз. Тәуелсіздікті сақтау, оны нығайту – әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы. Қорытындылай келе, Тәуелсіздік – халқымыздың ең қымбат қазынасы, ел болашағының берік тұғыры. Өткенге тағзым етіп, бүгінге жауапкершілікпен қарап, келешекке нық сеніммен қадам басу – тәуелсіз елдің басты мұраты. Азаттығымыз баянды, егемендігіміз мәңгі болсын!

ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫНДА ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ЖАРЫС ӨТТІ



2025 жылдың 12 желтоқсан күні Қарабұлақ ауылында «Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай аудан ардагерлері арасында үстел теннисінен жарыс ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – ардагерлердің белсенді өмір салтын қолдау, спортқа деген қызығушылығын арттыру және мерекелік көңіл-күй сыйлау болды.

Жарыс тартысты да қызықты өтті. Қатысушылар өз шеберліктерін көрсетіп, жоғары деңгейде ойын өрнегін танытты.

Жарыс нәтижесі:

1 орын Ахметов Жанар

2 орын Имандосов Даулет

3 орын Татубаев Манас иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-сі Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы медаль және грамоталармен марапатталды.

Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар мерекені көтеріңкі көңіл күймен атап өтті.

Г.Омарова

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ СПОРТШЫЛАРЫ – ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА



Ағымдағы жылдың 17 желтоқсанында Жетісу облысы, Талдықорған қаласында орналасқан Бикен Римова атындағы драма театрында спорт саласы үшін маңызды әрі салтанатты іс-шара өтті. Жетісу облысы әкімінің орынбасары Е. Есдәулетовтің қатысуымен 2025 жылғы спорт саласының үздіктерін марапаттау рәсімі ұйымдастырылды. Бұл шара өңір спортының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген үздік спортшылар мен жаттықтырушылардың еңбегін жоғары бағалауға арналды.

Салтанатты жиын барысында спорттың ел өміріндегі маңызы, жастарды салауатты өмір салтына баулуға рөлі, халықаралық аренада Қазақстанның абыройын асқақтатудағы үлесі ерекше атап өтілді. Облыс әкімінің орынбасары өз сөзінде Жетісу өңірінде спорт инфрақұрылымының дамып келе жатқанын, жас спортшыларды қолдауға бағытталған жүйелі жұмыстардың жүргізіліп жатқанын тілге

тиек етті. Сондай-ақ ол жоғары нәтижелерге қол жеткізген спортшылар мен жаттықтырушыларға алғысын білдіріп, алдағы уақытта да табыс тіледі. Аталған марапаттау рәсімінде «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өкілдері жоғары жетістіктерімен ерекшеленді.

Атап айтқанда, бокстан жаттықтырушы Керикбаев Дархан 2025 жылғы «Үздік жаттықтырушы» атағына ие болды. Ол ұзақ жылдар бойы жас спортшыларды тәрбиелеп, облыстық және республикалық жарыстарда жоғары нәтижелерге жетуіне үлес қосып келеді. Оның шәкірттері түрлі деңгейдегі жарыстарда топ жарып, өңір намысын абыроймен қорғап жүр. Сондай-ақ қол күрес спортынан жаттықтырушы Митрохин Олег те «Үздік жаттықтырушы» атағымен марапатталды. Ол өз саласында кәсіби шеберлігімен, спортшыларды жеңіске жетелейтін табанды еңбегімен танылып келеді. Жаттықтырушының жетекшілігімен тәрбиеленген спортшылар облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарда жүлделі орындардан көрініп жүр.

Ал бокс спортшысы Кумарбеков Нурхан 2025 жылдың «Үздік спортшысы» атағын жеңіп алды. Жас спортшының бұл жетістігі – оның тынымсыз жаттығуының, қайсар мінезі мен жеңіске деген жігерінің нәтижесі. Ол түрлі жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, Жетісу облысының ғана емес, тұтас елдің спорттағы абыройын арттыруға үлес қосты.

Марапаттау рәсімі барысында үздік атанған спортшылар мен жаттықтырушыларға арнайы дипломдар мен марапаттар табысталды. Бұл – олардың көп жылғы қажырлы еңбегіне берілген лайықты баға. Сонымен қатар бұл марапаттар жас буын спортшылар үшін үлкен мотивация мен үлгі болары сөзсіз.

Жетісу өңірінде спорт саласын дамытуға, бұқаралық спортты қолдауға және талантты жастарды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Осындай салтанатты марапаттау шаралары спортшылардың рухын көтеріп, жаңа белестерді бағындыруға жігер береді.

Қорытындылай келе, 2025 жылғы спорт саласының үздіктерін марапаттау рәсімі – өңір спортының дамуы мен жетістіктерінің айқын көрінісі. Үздік атанған спортшылар мен жаттықтырушыларды шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да биік шыңдарды бағындырып, ел намысын абыроймен қорғауларына тілектестік білдіреміз.

Адилъбеков Қапалбай Қуатұлы, «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Басшысы



ҚҰЛАУ МҮМКІНДІГІН АЗАЙТУ ҮШІН КӨКТАЙҒАҚ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ ҚАЖЕТ:



1. Биік өкшелі туфлиден бас тартып, микрокеукеті табаны бар тайғақ емес аяқ киімді алыңыз.
2. Аяғыңыздың астына қараңыз, қауіпті жерлерді айналып өтуге тырысыңыз. Егер мұзды «шалшықты» айналып өту мүмкін болмаса, онда шаңғылы сияқты кішкене сырғанау қадамдарымен жүріңіз.
3. Жолдың жүріс бөлігінде өте мұқият болыңыз: асықпаңыз және жүгірмеңіз.
4. Көлбеу беті бар барлық жерлерді айналып өтуге тырысыңыз.
5. Сіз бүкіл табанға басыңыз керек, аяқтарыңыз тізеңізде сәл босаңсуы керек.
6. Қолдар мүмкіндігінше бос болуы керек, ауыр сөмкелерді алып жүрмеуге тырысыңыз, қолдарыңызды қалтаңызда ұстамаңыз — бұл құлау ықтималдығын арттырады.
7. Егер Сіз тайып кетсеңіз, құлау биіктігін төмендету үшін еңкейіңіз. Құлау кезінде топтасуға тырысыңыз және домалап, жерге тигізетін соққыны жұмсартыңыз. Қолыңыздағы заттарды құтқаруға тырыспаңыз.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ

1991 жылғы 16 желтоқсан – Қазақстан халқының тарихындағы тағдырлы күн. Бұл күні еліміз өз тәуелсіздігін жариялап, ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа қол жеткізді. Тәуелсіздік – ұлттың рухын көтеріп, мемлекеттің дербес даму жолын айқындаған маңызды белес.

Егемендікке қол жеткізген сәттен бастап Қазақстан өзінің мемлекеттік рәміздерін бекітті. Көк Ту, Елтаңба мен Әнұран – елдігіміздің айқын белгісіне айналды. Ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен мәдени құндылықтарымыз жаңғыра түсті. Қоғамдық сана мен ұрпақ тәрбиесінде ұлттық негіз нығая бастады.

Бүгінде Қазақстан – бейбітшілік пен тұрақтылықты басты құндылық еткен мемлекет. Ел экономикасы дамып, әлеуметтік салада оң өзгерістер жүзеге асуда. Бұл жетістіктер ел бірлігі мен татулығының, мемлекет жүргізіп отырған сындарлы саясаттың нәтижесі.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан халықаралық деңгейде танылып, әлемдік қауымдастықтың сенімді серіктесіне айналды. Егемен ел ретінде өз даму жолын айқындап, болашаққа нық қадам басып келеді.

Тәуелсіздік – өткенге тағзым, бүгінге жауапкершілік, келешекке сенім. Сондықтан азаттықтың қадірін білу, оны сақтау мен нығайту – әрбір азаматтың ортақ парызы.

Ж.Кунузбаева

Елтай ауылдық кітапханасының кітапханашысы

КОГДА НАСТРОЕНИЕ ЗАВИСИТ ОТ СЕЗОНА: ВЗГЛЯД МЕДИЦИНСКОГО ПСИХОЛОГА

Многие люди замечают, что с наступлением осени или зимы меняется не только погода, но и внутреннее состояние. Снижается энергия, пропадает мотивация, появляется усталость и эмоциональная тяжесть. В психологии это состояние известно как сезонное аффективное расстройство — форма эмоционального неблагополучия, связанная со сменой времен года.

Чаще всего такие изменения начинаются осенью, усиливаются зимой и постепенно ослабевают весной. Реже встречается обратный вариант — ухудшение самочувствия в весенне-летний период. Важно понимать: речь идет не о «плохом настроении» или «лени», а о закономерной реакции психики на изменение внешних условий.

С психологической точки зрения сезонные изменения могут проявляться в виде подавленности, утраты интереса к привычным занятиям, снижения концентрации внимания и ощущения внутренней пустоты. Человек быстрее утомляется, больше спит или, наоборот, сталкивается с нарушениями сна. Нередко появляется тяга к еде как способу эмоциональной компенсации, либо, напротив, снижается аппетит. В тяжелых случаях возникают мысли о бессмысленности происходящего и утрате жизненных ориентиров.

Зимой такие состояния часто сопровождаются вялостью, сонливостью и ощущением «замедления» жизни. Летний вариант чаще проявляется раздражительностью, тревожностью, внутренним напряжением и нарушением сна. Эти различия важны для понимания собственного состояния и выбора психологической помощи.

Одной из причин сезонных эмоциональных колебаний является изменение светового дня. Свет напрямую влияет на биологические ритмы человека, режим сна и бодрствования, а также на эмоциональную регуляцию. Когда привычный ритм нарушается, психика становится более уязвимой к стрессу и перегрузкам.

В группе повышенного риска находятся люди с наследственной предрасположенностью к эмоциональным расстройствам, жители регионов с выраженной сезонностью и ограниченным солнечным светом, а также те, кто уже сталкивался с длительными периодами сниженного настроения. Женщины и молодые люди обращаются с такими жалобами чаще, однако сезонные эмоциональные трудности могут возникнуть у любого человека.

